

«БЕКІТЕМІН»

«Шығыс Қазақстан облысының

«Өнер және мәдениет» қорының м.а.

Л. Кездикбаева

2024 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

«Халық әртістері ағайынды

Абдуллиндер атындағы Шығыс

Қазақстан өнер училищесі»

КМҚК директоры

А. Дюсупова

«    » 2024 ж.



«Алтай жұлдыздары» облыстық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ., 2024 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Алтай жұлдыздары» облыстық байқауы жалпы білім беретін орта мектептердің, балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептері білім алушыларының облыстық орындаушылық шеберлік байқауына қатысуын және оны ұйымдастыру тәртібін реттейді.

1.2. Осы ереже байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін, байқауды өткізілуін, конкурстық талаптарды, өтінімдерді, қазылар алқасының жұмысын, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерді (лауреаттарды) анықтау тәртібін айқындайды.

## 2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты – оқушылардың орындаушылық шеберлігін арттыру, музыка саласына бейім балаларды одан әрі кәсіби және шығармашылық дамыту, дарынды жастарды анықтау, қолдау, Қазақстанның музыкалық өнерін насихаттау.

2.2. Міндеттері:

- мектеп оқушылары арасында дарынды орындаушыларды анықтау, олардың шеберлігі деңгейін арттыру;
- шығармашылық дамуына жағдай жасау;
- сахна мәдениетін қалыптастыру;
- музыкалық өнердің үздік үлгілерінде байқауға қатысушылардың музыкалық талғамы мен стилін тәрбиелеу және дамыту.

## 3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Байқау ұйымдастырушылары: «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК болып табылады.

3.2. Байқауды дайындау мен өткізу бойынша жұмыстарын үйлестіру және іске асыру үшін колледж оқытушыларының арасынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- байқауды өткізу туралы Ережені әзірлейді;
- байқауды дайындау және өткізу бойынша барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен шарттарын әзірлейді;
- қазылар алқасының құрамын қалыптастырады;
- ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу бағдарламасын әзірлейді.

## 4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Байқау **2024 жылғы 28 наурызда** ШҚО білім басқармасының «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК (ШҚО Өскемен қаласы, 30-Гвардиялық дивизия көшесі, 4) базасында өткізіледі. Қатысушыларды тіркеу: **8.00-ден 9.00-ге дейін.**

4.2. Байқау қатысушылары – жалпы білім беретін мектептердің, балалар музыкалық мектептері және балалар өнер мектептерінің білім алушылары, Шығармашылық сарайы мен Орталықтың тәрбиеленушілері.

4.3. Байқауға қатысушылар дайындық сыныптарымен қамтамасыз етіледі.

4.4. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушылардың өнерлерін көрсетуге, жазуға және таратуға құқылы.

4.5. Қатысуға өтінімдер **2024 жылғы 20 наурызға дейін** (20 наурызды қоса алғанда) қабылданады (*1 қосымша*).

4.6. Байқау келесі номинациялар мен жас санаттары бойынша өткізіледі:

Номинация	Түрлері	Жас санаты
«Аспаптық орындау» (түрлері бойынша)	Фортепиано	орта топ: 11-13 жас, жоғары топ: 14-16 жас
	Ішекті аспаптар	
	Үрмелі аспаптар	
	Қазақ халық аспаптары	
	Орыс халық аспаптары	
«Музыка-теориялық цикл»	Музыкалық әдебиет	БММ 5-7 сынып оқушылары (жас шектеулерінсіз)
	Сольфеджио	БММ және БӨМ бітіруші сыныптарының оқушылары (жас шектеулерінсіз)
«Вокалдық өнер» (түрлері бойынша)	Жеке орындау	орта топ: 9 жастан 12 жасқа дейін, жоғары топ: 13 жастан 16 жасқа дейін
	Ансамбль	
	Хормен ән айту	
	Халық әні	
«Хореография» (түрлері бойынша)	Қазақ биі	11 жастан 14 жасқа дейін, 15 жастан 17 жасқа дейін
	Халық биі, халықтық-стильденген би	
	Эстрадалық-заманауи би	
«Көркем сөз»		14-16 жас аралығында

4.7. Қатысушылардың жасы ағымдағы жылдың **1 наурызына дейін** анықталады.

## 5. БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ

5.1. Байқауға қатысушылардың өтінімде көрсетілген бағдарламасы өзгермейді.

5.2. «Аспаптық орындау (түрлері бойынша)» номинациясы:

«Фортепиано», «Ішекті аспаптар», «Үрмелі аспаптар»: орындалатын шығармалардың деңгейі БММ үлгілік бағдарламаларының талаптарына сәйкес болуы тиіс:

орта топ үшін - 5-сыныптан төмен емес, екі түрлі сипаттағы жұмыс;

жоғары топ үшін - 6-сыныптан төмен емес, үш түрлі сипаттағы шығарма (олардың бірі - Қазақстан композиторының пьесасы).

«Домбыра»:

орта топ – екі күй (шертпе және төкпе күй);

жоғары топ – үш күй (бір күй шертпе және қатысушының таңдауы бойынша екі күй).

«Орыс халық аспаптары»:

орта топ үшін – 3-сыныптан төмен емес, екі түрлі сипаттағы жұмыс;

жоғары топ үшін – 4-сыныптан төмен емес, үш түрлі сипаттағы шығарма (олардың бірі - Қазақстан композиторының пьесасы).

### 5.3. «Музыкалық-теориялық цикл» номинациясы:

«Музыкалық әдебиет» - екі тапсырмадан тұрады және бір айналымда өткізіледі.

Байқаудың бағдарламалық талаптары:

Бірінші тапсырма – музыкалық викторина: 10 нөмір, орындалу уақыты – 30-35 минут, музыкалық фрагменттің дыбысталу уақыты – 1 минут, номерді жазу уақыты – 1 минут. Бағалау критерийлері: ақпараттың дәлдігі мен тереңдігі.

Музыкалық викторинаға арналған шығармалар тізімі:

- 1.Бах И. Хоральная прелюдия №40, f-moll, органға арналған.
- 2.Моцарт В. Симфония №40, I бөлім.
- 3.Гайдн И. Симфония №104, I бөлім.
- 4.Бетховен Л. Симфония №5, I бөлім.
- 5.Бетховен Л. Соната №14, I бөлім.
- 6.Шуберт Ф. «Форель».
- 7.Шуберт Ф. «Неоконченная симфония», I бөлім.
- 8.Шопен Ф. Этюд op.10 №12 smoll.
- 9.Глинка М. Опера «Иван Сусанин, хор «Славься».
- 10.Хачатурян А. Балет «Гаяне», «Танец с саблями».
- 11.Прокофьев С. Балет «Ромео и Джульетта», «Танец рыцарей».
- 12.Шостакович Д. Симфония №7, I бөлім, «Тема нашествия».
- 13.Римский-Корсаков Н. «Шахерезада», I бөлім.
- 14.Мусоргский М. «Картинки с выставки», «Баба-Яга».
- 15.Чайковский П. Балет «Щелкунчик», II действие, Pasdedeux.
- 16.Қазақтың халық әні «Назқоңыр».
- 17.Жаяу Мұса «Ақсиса».
- 18.Абай «Айттым сәлем, Қаламқас».
- 19.Құрманғазы «Балбырауын».
- 20.Дәулеткерей «Қосалқа».

Екінші тапсырма – таңдалған тақырып бойынша эссе қорғау (үй тапсырмасы).

Эссе мәтінін өнер көрсеткенге дейін байқаудың қазылар алқасына А4 форматындағы 1 баспа парағынан аспайтын көлемде жазбаша түрде ұсынады. Эссені қорғау форматы - қатысушының ауызша баяндамасы. Музыкалық фрагменттерді аспапта орындап, бейне және аудионы қатар қолданғаны үшін қосымша ұпайлар беріледі.

Эссені бағалау критерийлері:

- айқындық, нақтылық, баяндау стилі;
- эмоционалдық және даралық;
- сөйлеу мәдениеті;
- ережелер мен тұжырымдарды дәлелдеу мүмкіндігі;
- проблеманы қоюдың өзіндік ерекшелігі.

Әр тапсырма 10 балдық жүйе бойынша бағаланады. Тапсырмалардың нәтижелері жинақталады.

Эссе тақырыптары:

1. «Ришат пен Муслим Абдуллиндердің өмірі мен шығармашылығы».
2. Музыкадағы 2023 жылдың мерейтойлық күндері (таңдау бойынша).
3. Еркін тақырып «Менің өмірімдегі музыка».

«Сольфеджио» - үш тапсырмадан тұрады және бір айналымда өткізіледі.

Бірінші тапсырма – музыкалық сауаттылық бойынша жазбаша жұмыс - 5 тапсырма, орындалу уақыты – 30 минут.

Бағалау критерийлері: дұрыс құрылым; шешімнің толықтығы. Тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындағаны үшін, оларды дұрыс тапқан жағдайда қазылар алқасының мүшелері қосымша ұпай қосады.

Музыкалық сауаттылықтан жазбаша жұмыс үшін үлгі таспырмалары:

1. «Ре» - ладтың екінші, «си»-ладтың бесінші басқышы болатындай дыбыс тізбектерін (звукоряд) құрастыр.

2. Берілген үндестілікте шешілімдермен аралықтар құрыңыз

3.Берілген үндестілікте аккордтарды шешілімдерімен құрыңыз ( $S^5_3$ ,  $D^5_3$ ,  $D_7$  айналымдарымен).

4.Берілген дыбыстан интервалдар мен аккордтарды құрыңыз (қарапайым интервалдар, соның ішінде тритондар,  $B^5_3$ ,  $M^5_3$  айналымдарымен,  $D_7$  с айналымдарымен және шешілімімен).

5.Берілген интервалдар мен аккордтарды үндестілікте немесе дыбыстан анықтаңыз.

6.Ұсынылған мысалдардан қателерді табыңыз.

7.Ұсынылған мысалдың үндестілігін анықтаңыз, қажетті аралықтарды немесе аккордтарды жазыңыз.

8.Берілген аралықтар бойынша аккордтарды жазыңыз.

Екінші тапсырма – есту талдауы. Жазбаша түрде өткізіледі.

Байқауға қатысушылардың міндеті - есту арқылы анықтау:

– мажордың 2 түрі (табиғи және гармоникалық),

– минордың 3 түрі (табиғи, гармоникалық, әуезді);

– октавадағы қарапайым аралықтар, тритондар шешілуімен;

– аккордтар -  $B^5_3$ ,  $M^5_3$  айналымдарымен,  $D_7$  айналымдарымен және шешулерімен.

Бағалау критерийлері: әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.

Үшінші тапсырма – берілген әуен парағынан оқу. Қазылар алқасы әуенде жетіспейтін үзінділерді толықтыру үшін қосымша тапсырмалар ұсына алады.

Бағалау критерийлері: интонацияның тазалығы, әуеннің ырғақтық үлгісін дұрыс орындау, фразировканы түсіну және әуенді орындаудың мәнерлілігі, әуенге енгізілген үзінділердің табиғилығы мен қисындылығы.

#### **5.4. «Вокалдық өнер» номинациясы.**

«Вокалдық өнер» номинациясында «Жеке орындау», «Ансамбль», «Халық әні» түрлері бойынша қатысушы бір туындыны, «Хормен ән айту» түрі бойынша аспаптың немесе «минус бір» фонограммасының сүйемелдеуімен екі түрлі сипаттағы туындыны ұсынады.

«Минус бір» фонограммалары дыбыс жазу сапасының заманауи талаптарына сәйкес келуі тиіс. Фонограммада бэк-вокалды пайдалануға жол берілмейді. Фонограммалар флэш-тасымалдағыштарда (орындаушыны, ұжымды, шығарманың атауын, трек нөмірін көрсете отырып) ұсынылады.

#### **5.5. «Хореография» номинациясы.**

Қатысушылар әр түрдегі бір нөмірді немесе хореографияның осы түріндегі бір нөмірді (қазақ, халық, халықтық стильдендірілген, эстрадалық-заманауи билер) ұсына алады.

Қазылар алқасы көрсетілген өнерді 5 балдық жүйемен жабық дауыс беру арқылы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

– нөмердің драматургиялық құрылысы;

– атауы мен сахналық костюмнің би мазмұнына сәйкестігі;

- аталған жас санатына нөмір мазмұнының сәйкестігі;
- орындау техникасы және актерлік шеберлік.

### **5.6. «Көркем сөз» номинациясы.**

Бір шығарма (өлең) – ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс. Егер уақыт тәртібі сақталмаса, қазылар алқасы қатысушыны тоқтатуға құқылы.

Байқау талаптары:

- көркемдік шешімнің бірлігі және көркем образдың тұтастығы;
- жанрлық сәйкестік;
- қойылым мәдениеті және сахналық қойылым (шығарманың идеясын безендіру құралдарымен (музыка, костюмдер) және орындаумен үйлесуі;
- әртістік және бейнені ашу;
- қойылымның қатысушылар жасына сәйкестігі;
- композицияның тұтастығы;
- стильдегі ұстамдылық (костюм, шаш үлгісі, хореография, музыкалық сүйемелдеу);
- өнер көрсетудің жалпы мәдениеті (икемділік, костюм, орындау мәдениеті).

## **6. ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ**

6.1. Өтінімдер **2024 жылдың 20 наурызына дейін** (қоса алғанда) жіберілуі керек. Құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда және жоғарыда көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдер қабылданбайды.

6.2. Байқауға қатысушылардың құжаттар тізімі: электронды түрде толтырылған өтінім бланкісі (қатысушының, педагогтың және сүйемелдеушінің Т.А.Ә. қатаң түрде құжаттар бойынша).

6.3. Байқау өткізілетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда байқауға қатысушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жетекшілер толық жауапты болады. Жетекшілерді тиісті білім беру органдары тағайындайды.

**Байқауға қатысу үшін тиісті номинация бойынша өтінім жіберу қажет:**

<b>№</b>	<b>Номинациялар</b>	<b>Модератор</b>	<b>Телефон</b>	<b>E-mail</b>
1.	Фортепиано	Косачёва Елена Сергеевна	8 777 371 37 58	ukkos@inbox.ru
2.	Ішекті аспаптар	Карпеева Ирина Борисовна	8 777 275 24 64	a_shambas@mail.ru
3.	Үрмелі аспаптар	Муратбаев Адылет Серикович	8 705 418 92 33	Atrumpet@bk.ru
4.	Қазақ халық аспаптары	Рысханов Шалхар Рысханович	8 777 705 48 58	kha.vkui@mail.ru
5.	Орыс халық аспаптары	Родионова Ирина Ивановна	8 777 155 94 31	7702140721@mail.ru
6.	«Музыкалық-теориялық цикл»	Михайлова Светлана Юрьевна	8 777 997 69 87	«Музыкалық әдебиет» kakieva1971@mail.ru «Сольфеджио» yultyeva.kz@yandex.ru
7.	Вокалдық өнер	Дузкенова Альмира Акатаевна	8 777 790 01 71	aduzkenova@mail.ru
8.	Хореография	Богатырева Ольга Николаевна	8 777 734 30 47	bogatyreva.olga.69@mail.ru

9.	Көркем сөз	Кайгородова Ольга Владимировна	8 705 414 22 49	oliwwwna@mail.ru
----	------------	-----------------------------------	-----------------	------------------

## **7. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ**

7.1. Қазылар алқасының құрамы музыканттар мен педагогтардан – белгілі жетекші мамандардан тұрады.

7.2. Байқаудың қазылар алқасы құқылы:

– барлық дипломдарды бермеуге;

- шеберлігі мен музыкалық қабілеті үшін, Қазақстан композиторларының шығармаларын үздік орындағаны үшін, жеңіске деген ерік-жігері үшін және т.б. арнайы сыйлықтармен марапаттау;

7.3. Қазылар алқасының шешімдері түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

## **8. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

8.1. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалайды және қорытындысын шығарады.

8.2 Байқау жеңімпаздары әр номинация және номинация түрлері бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

## Өтінім

Номинация	
Жеке/ансамбльдік орындау/ «Хореография» номинациясы бойынша бағыт	
Аспап/минус	
Жас тобы	
Оқу орнының атауы	
Оқушының ТАӘ/ ансамбль атауы	
Туған күні	
Қатысушының байланыс телефоны	
Педагогтың ТАӘ (толық)	
Сүйемелдеушінің ТАӘ (толық)	
Байқау бағдарламасы	